Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық» пәні білім беру жүйесіндегі негізделген қажеттілік ретінде еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап береді, нақты жағдайларды талдау және диагностикалау дағдыларын дамытады. Пәнді оқытудың мақсаты білім берудегі көшбасшылықты ұйымды басқару құралы ретінде қолдану аясында қарастыруға негізделген және болашақ мамандардың көшбасшылық әлеуетін психологиялық-педагогикалық құрал ретінде дамытуға, болашақ білім беру көшбасшысы ретіндегі білім алушының рефлексивті құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Пәнді оқу барысында білім алушы ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді, білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптасады және жетілдіріледі.

Пререквизиттері: Жеке тұлғаны зерттеудің жобалау әдістері, Педагогикалық имиджелогия және корпоративті мәдениет

Постреквизиттері: Тұлғаның өсу тренингі, Тұлға мен топтың әлеуметтік психологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Психолог-консультанттың, психолог-менеджердің оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда құзыретті басқарушылық шешімдерді, көшбасшылық қасиеттерді әзірлеу үшін практикалық қызметте білім беру саласындағы іргелі білім мен дағдыларды ажыратады және таңдайды;
- В) Білім беру ұйымында басқарудың түрлері мен деңгейлерін анықтап, әртүрлі басқарушылық теориялар мен модельдерді талдайды;
- С) Тиімді көшбасшылық стилдерін таңдауға және оларды әртүрлі педагогикалық жағдайларда қолдануға қабілетті болады;
- Д) Білім беру ұйымында бірлескен ұжымды құрудың, қызметкерлердің мотивациясын арттырудың және тиімді жұмыс ортасын қалыптастырудың жолдарын меңгереді;
- Е) Инновациялық технологиялар мен білім беру саласындағы жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді басқару үдерісінде қолдана алады.

9.1 модуль XX-XX ғғ. қазақ және орыс әдебиетінің тарихы

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: XX ғ. және XXI ғ. басындағы қазақ әдебиеті

Бағдарлама авторы: Сұлтанғалиева О.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі қазақ әдебиеті пәні бойынша алған білімдерін қазіргі заман әдебиетінің жанрлық түрлерін зерделеу үшін студенттердің арнайы дайындығының теориялық және практикалық негізін ескеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазіргі қазақ әдебиеті атты пәннің мақсаты мен ерекшелігін айқындау; XX ғасырдың 80-90 жылдары шеңберіндегі қазақ әдеби шығармалары туралы жүйелі түсінік беру;

Пререквизиттері: Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті, XIX ғ. қазақ әдебиетінің тарихы

Постреквизиттері: ҰОС және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихы, Қазіргі қазақ әдебиеті

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Қазіргі қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалар мен оның рухани-эстетикалық үрдістері туралы түсінік беру; В) қазіргі қазақ әдебиеті шығармаларының баяндаушылық ерекшеліктерімен таныстырып, С) теориялық және әдістемелік тұрғыдан әдеби мәтінді талдау дағдыларын қалыптастыру; Д) Қазіргі қазақ әдебиеті атты пәннің мақсаты мен ерекшелігін айқындау; Е) Қазіргі қазақ әдебиеті атты пәннің мақсаты мен ерекшелігін айқындау

Дублинские дескрипторы: А); В); С); D); E).

Наименование дисциплины: Русская литература 20-начала 21 вв.

Автор программы: Идрисова Э.Т.

Цель изучения курса: сформировать представление о закономерностях развития современной русской литературы как определенного этапа литературного процесса, отмеченного обновлением эстетики реализма, других направлений и течений, индивидуальных художественных систем.

Краткое содержание дисциплины: раскрыть многообразие содержательных и формально-текстологических факторов представителей разных эстетических ориентаций; рассмотреть идейно-философские основы различных течений русской литературы данного периода, характер философских и эстетических концепции; раскрыть сложность и своеобразие литературно-общественной жизни с середины 80-х по современный этап; уяснить инновационный характер творчества на рубеже веков, проблемы рецепций классического наследия; показать национальное единство литературного развития, представив ряд имен писателей русского зарубежья; продемонстрировать многообразие, богатство художественных приемов и средств в произведениях современной прозы и поэзии.

Пререквизиты: Введение в литературоведение, Русская литература 19 века, Русская литература начала 20 века.

Постреквизиты: Дисциплины уровня магистратуры

Ожидаемые результаты обучения: основные представления, знания, умения и навыки, которыми студент должен овладеть в результате изучения дисциплины: студент должен: А) иметь представление: об особенностях предшествующих историко-литературных дисциплин для установления связи с литературными процессами предшествующего периода; о родовидовой и жанровой принадлежности произведений; об основных закономерностях развития современной литературы; В) знать и уметь использовать: основные художественные тексты произведений изучаемого периода; учебный и научно-монографический материал по изучаемому периоду; С) определять традиционные и новаторские черты в поэтике произведений; анализ программных художественных текстов; связь с литературными процессами предшествующего периода; эстетические принципы литературных направлений (реализм, постреализм, постмодернизм и т. д.); Д) литературоведческие категории, в которых осмысливается современная художественная литература (интертекст, деконструкция, симулякр, гипертекст и т. д.). Е) иметь навыки: теоретического и конкретно-исторического изучения литературы; литературоведческого анализа художественных текстов; свободного оперирования литературоведческой терминологией; логического мышления, аналитического подхода к истории литературы; самостоятельной работы.

9.2 модуль Қазақ және орыс әдебиетінің тарихы (10 академиялық кредит)

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Қазіргі қазақ әдебиеті

Бағдарлама авторы: Мұхан А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Тәуелсіздік алған жылдардағы ұлттық әдебиеттегі көркемдік қуаты ерен, парасат-пайымдау толғамы терең ерекше шығармалардың генезисі, стилистикасы, поэтикасы, сөз өнерпазының көркемдік-философиялық дүниетанымы, жанрлық, тақырыптық, тілдік-стильдік, ғылыми-танымдық ерекшеліктері, адам-табиғат қарым-қатынастары жаңаша талдануға тиіс.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналарын айқындау. Ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптеріне теориялық тұрғыдан дәйекті дәлелдеу, әдебиетті қоғамдық ой-санамен қабаттастыра зерделеу, студенттердің рухани жетілуіне, оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру. Бүгінгі проза мен поэзияның өзіндік ерекшеліктерін айқындау.

Пререквизиттері: XV-XVIIIғғ. қазақ әдебиеті, XIXғ. қазақ әдебиеті

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Қазақ әдебиеті сынының тарихы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А)Студенттер тақырып таңдау, материал жинау, конспект жазуды меңгере біледі; В) ақын-жазушылар шығармаларын ажырата алады; С)ақын-жазушылар шығармаларының идеялық, эстетикалық мазмұнын аша білуге дағдыланады; Д)ақын-жазушылар шығармаларынталдаудағы оның табиғатын біледі. Е)Әдеби шығармаларды оқу теория мен әдебиет тарихымен байланыстырып салыстыра алады.

Дублинские дескрипторы: А); В); С); D); E).

Наименование дисциплины: Современная русская литература

Автор программы: Идрисова Э.Т.

Цель изучения курса: сформировать представление о закономерностях развития современной русской литературы как определенного этапа литературного процесса, отмеченного обновлением эстетики реализма, других направлений и течений, индивидуальных художественных систем.

Краткое содержание дисциплины: раскрыть многообразие содержательных и формально-текстологических факторов представителей разных эстетических ориентаций; рассмотреть идейно-философские основы различных течений русской литературы данного периода, характер философских и эстетических концепции; раскрыть сложность и своеобразие литературно-общественной жизни с середины 80-х по современный этап; уяснить инновационный характер творчества на рубеже веков, проблемы рецепций классического наследия; показать национальное единство литературного развития, представив ряд имен писателей русского зарубежья; продемонстрировать многообразие, богатство художественных приемов и средств в произведениях современной прозы и поэзии.

Пререквизиты: Введение в литературоведение, Русская литература 19 века, Русская литература начала 20 века.

Постреквизиты: Методика обучения русского языка и литературы

Ожидаемые результаты обучения: основные представления, знания, умения и навыки, которыми студент должен овладеть в результате изучения дисциплины: студент должен: А) иметь представление: об особенностях предшествующих историко-литературных дисциплин для установления связи с литературными процессами предшествующего периода; о родовидовой и жанровой принадлежности произведений; об основных закономерностях развития современной литературы; В) знать и уметь использовать: основные художественные тексты произведений изучаемого периода; учебный и научно-монографический материал по изучаемому периоду; С) определять традиционные и новаторские черты в поэтике произведений; анализ программных художественных текстов; связь с литературными процессами предшествующего периода; эстетические принципы литературных направлений (реализм, постреализм, постмодернизм и т. д.); Д) литературоведческие категории, в которых осмысливается современная художественная литература (интертекст, деконструкция, симулякр, гипертекст и т. д.). Е) иметь навыки: теоретического и конкретно-исторического изучения литературы; литературоведческого анализа художественных текстов; свободного оперирования литературоведческой терминологией; логического мышления, аналитического подхода к истории литературы; самостоятельной работы.

10.1 модуль Қазақ, орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі

Дублинские дескрипторы: (A, B, C, D, E)

Наименование дисциплины: Инновационные технологии преподавания русского языка и литературы

Автор программы: Халимуллина Н.Р.

Цель изучения курса: удовлетворить образовательные потребности студентов в получении дополнительного объема знаний, умений и навыков в области современных образовательных технологий; содействовать их готовности к непрерывному профессиональному развитию в быстро меняющихся условиях образовательного пространства; осуществить практическую готовность будущих учителей-словесников к организации процесса обучения в условиях работы современной школы

Краткое содержание дисциплины: новые подходы в преподавании и обучении; социальное взаимодействие в целостном педагогическом процессе; коллаборативная среда в педагогическом процессе; развитие критического мышления через диалог; методика использования оценивание для обучения и оценивание обучения; методика использования ИКТ на уроке в целях повышения качества обучения; дифференцированный подход в обучении с целью активизации талантливых и одаренных, управление и лидерство в обучении.

Пререквизиты: Методика обучения русского языка и литературы

Постреквизиты:Общее языкознание

Ожидаемые результаты обучения: А.знать и понимать концептуальные основы курса и владеть практическими навыками учителя в контексте следующий модулей: лидерство и менеджмент в обучении; В. развитие критического мышления, оценивание для обучения и оценивание обучения, социальное взаимодействие, преподавание в соответствии с возрастными особенностями учащихся; С. использование информационно-коммуникационных технологий в образовательном пространстве, обучение талантливых и одаренных учащихся; D. владеть методикой активизации учащихся в процессе обучения, Е. знать современные концепции школьного преподавания литературы.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, Е)

Пәннің атауы: Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ бойынша оқыту әдістемесі

Бағдарлама авторы: Абдирова Ш.Г.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің мазмұны мектепте оқылатын «Қазақ тілі» пәнінің мазмұны мен құрылымын, оқу пәнінің бағдарламасын қазақ тілін оқыту құралдарының сипатын, оқу-әдістемелік кешен түсінігін,оның құрамын,қазақ тілін оқытудағы қазіргі технологияларды,оқытудың әдіс-тәсілдерін қамтиды.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақ тілін ЖББ бойынша оқыту» - тарихы терең; ғылыми-теориялық тұжырымдары мен заңдылықтары қалыптасқан; әдіснамалық негізі белгіленген; өзіндік ұстанымдары мен ережелері анық; білім беру мен ілімді игерудің дәстүрлі әдістерімен қоса жаңа технологияның түрлерін де зерттеп – зерделейтін ғылым.Бұл жүйе бойынша студенттер қазақ тіліне арналған білім стандарттары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдармен танысып, бағыт алады.

Пререквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Постреквизиттері: Қазақ, орыс тілдері мен әдебиетін оқытудағы IT және цифрлық ресурстар

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. пәнді оқытудың дидактикалық - технологиялық негіздерін меңгереді. В. қазақ тілін оқытудың әдістері мен тәсілдері, жаттығулар жүйесі, дидактикалық материалдар мен құралдар, тапсырмаларды т.б. пайдалануға арналған әдістеменің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес танытылады. С. Қазіргі қазақ тілін оқытудың озық әдістемелік тәсілдерін, бағыттарын білу. D. Қазақ тілін оқытудың білім, білік, дағдыларына сай қолдана білу. Е. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің бірліктерін оқып үйренудің қазіргі ғылыми принциптерін білу, өзіндік тұжырым жасай алу

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, Е)

Пәннің атауы: Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі

Бағдарлама авторы: Мирон М.О.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі пәннің типтік бағдарламасына сай қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Студенттерді әдебиетті оқыту әдістемесінің даму тарихымен, оған үлес қосқан ғалымдардың бүгінгі таңдағы қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік проблемаларымен таныстыру. ҚР бойынша әдебиеті тиімді оқытып жүрген жаңашыл мұғалімдер еңбегін оқу, зерттеу. Әдеби білім берудің негізгі бағыты – адам қоғамының ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен роліне, әлеуметтік жағдайына, психологиялық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің баюына өзіндік көзқарасының, шығармашылық белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау.

Пререквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Постреквизиттері: Қазақ, орыс тілдері мен әдебиетін оқытудағы IT және цифрлық ресурстар

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А.қазақ тілін оқыту әдістемесінің терминдерін меңгерту; В.оқу пәні ретіндегі қазақ тілінің мазмұны мен құрылымын игерту; С.оқу-әдістемелік кешен түсінігін қалыптастыру; D.қазақ тілін оқытудың қазіргі технологиясы, әдіс-тәсілдер, сабақ типтері, қазақ тілі курсының бөлімдерін оқыту әдістері бойынша білім беру; Е.қазақ тілі бойынша игерген білімдерін бақылау және бағалау негіздерін игерту, дағдыларын қалыптастыру.

Дублинские дескрипторы: А, В, С, D, Е

Наименование дисциплины: Методика преподавания русского языка и литературы

Автор программы: Халимуллина Н.Р., Исламғалиева В.Ж.

Цель изучения курса: знакомство студентов с современным состоянием и тенденциями развития методики преподавания русского языка и литературы как науки и ориентирован на формирование у студентов-филологов педагогических навыков и умений в области современного преподавания русского языка.

Краткое содержание дисциплины:

Дисциплина «Методика преподавания русского языка и литературы» призвана познакомить студентов с современным состоянием и тенденциями развития методики преподавания русского языка и литературы как науки и ориентирована на формирование у студентов-филологов педагогических навыков и умений в области современного преподавания русского языка.

Основными задачами курса являются: формирование у студентов лингвометодической базы как основы их будущей профессиональной деятельности; знакомство студентов с интерактивными методами, необходимыми для организации обучения русскому языку литературе; с принципами, средствами, методами, формами организации учебной деятельности учащихся; с современными технологиями обучения русскому языку и литературе.

Пререквизиты: Технологии критериального оценивания

Постреквизиты: Цифровые и IT ресурсы в обучении казахскому, русскому языкам и литературе

Ожидаемые результаты обучения:

А) демонстрирует знания основных положений и концепций в области методики преподавания русского языка и литературы, включая элементы наиболее передовых знаний в филологии

В) применяет фундаментальные педагогические знания и навыки в рамках содержания обновленной системы образования с учетом различных возможностей обучающихся и направленные на успешную социализацию и интеграцию в современное общество;

- С) умеет применять интерактивные методы, необходимые для организации обучения русскому языку и литературе
- Д) знает и применяет на практике современные технологии обучения русскому языку и литературе
- Е) использует в работе новые достижения методической науки, позитивный педагогический опыт в области преподавания русского языка и литературы

10.2 модуль Тіл мен әдебиетті оқытудың әдістемесі

Дублинские дескрипторы: (А, В, С, D, Е)

Наименование дисциплины: Инновационные технологии преподавания русского языка и литературы

Автор программы: Халимуллина Н.Р.

Цель изучения курса: удовлетворить образовательные потребности студентов в получении дополнительного объема знаний, умений и навыков в области современных образовательных технологий; содействовать их готовности к непрерывному профессиональному развитию в быстро меняющихся условиях образовательного пространства; осуществить практическую готовность будущих учителей-словесников к организации процесса обучения в условиях работы современной школы

Краткое содержание дисциплины: новые подходы в преподавании и обучении; социальное взаимодействие в целостном педагогическом процессе; коллаборативная среда в педагогическом процессе; развитие критического мышления через диалог; методика использования оценивание для обучения и оценивание обучения; методика использования ИКТ на уроке в целях повышения качества обучения; дифференцированный подход в обучении с целью активизации талантливых и одаренных, управление и лидерство в обучении.

Пререквизиты: Технологии критериального оценивания

Постреквизиты: Цифровые и IT ресурсы в обучении казахскому, русскому языкам и литературе

Ожидаемые результаты обучения: А.знать и понимать концептуальные основы курса и владеть практическими навыками учителя в контексте следующий модулей: лидерство и менеджмент в обучении; В. развитие критического мышления, оценивание для обучения и оценивание обучения, социальное взаимодействие, преподавание в соответствии с возрастными особенностями учащихся; С. использование информационно-коммуникационных технологий в образовательном пространстве, обучение талантливых и одаренных учащихся; D. владеть методикой активизации учащихся в процессе обучения, Е. знать современные концепции школьного преподавания литературы.

Дублин дескрипторлары: А);В);С); D);Е).

Пәннің атауы: Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы инновациялық технологиялар

Бағдарлама авторы: Айтбенбетова А.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге инновациялық модульдік оқыту технологиясының ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Студенттерге қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары туралы мәлімет беру; олардың инновациялық технологиялар жөніндегі ғылыми-теориялық және практикалық көзқарастарын қалыптастыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Педагогикалық технологияның оқыту әдістемесінен айырмашылығын талдап көрсету;интерактивті модульдік оқыту технологиясының құрылымы

мен оны құрастырудың негізгі қағидаларын меңгерту; болашақ қазақ тілі мұғалімдері ретінде өз бетімен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді іріктеу мен оларды талдай білу дағдыларын жетілдіру; жаңашылдық педагогикалық технологияларды талдай білуге, олардың практикадағы тиімділігін анықтай білуге дағдыландыру; оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолдана білуге үйрету; пәндер бойынша оқу модульдерін әзірлеуге дағдыландыру.

Пререквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Постреквизиттері: Қазақ, орыс тілдері мен әдебиетін оқытудағы IT және цифрлық ресурстар

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Жаңа технологиялардың түрлерін меңгерте отырып, студенттерді болашаққазақ тілі мұғалімі ретінде шығармашылықпен жұмыс жасауға үйретеді. В) Студенттердің әдістемелік іскерлігін шыңдау және ғылыми-әдістемелік шығармашылығына жол ашады. С) Студенттер оқыту технологиясы бойынша материалдарды ақпараттық-технологиялық талдайды. Д) білім мен ақпаратты игере біледі.

Дублин дескрипторлары

Пәннің атауы Орыс тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары

Бағдарлама авторы Халимуллина Н.Р.,

Курсты оқытудың мақсаты «Орыс тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары» пәні арнайы жеке пән ретінде оқытылады. Оқу үрдісін жандандыру оқушылардың оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбегін тиімді ұйымдастыру және олардың тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік дайындығы мен сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, жаңа педагогикалық технологияларды игеруіне тікелей байланысты болады.

Пререквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Постреквизиттері: Қазақ, орыс тілдері мен әдебиетін оқытудағы IT және цифрлық ресурстар

Оқытудан күтілетін нәтижелер А) Жаңа технологиялардың түрлерін меңгерте отырып, студенттерді болашақ орыс тілі мұғалімі ретінде шығармашылықпен жұмыс жасауға үйрету. В) Студенттердің әдістемелік іскерлігін шыңдау және ғылыми-әдістемелік шығармашылығына жол ашу. С) Болашақ мұғалімдерді оқу-әдістемелік еңбектермен өз бетінше жұмыс істеуге үйрету. Д) Оқыту технологиясы бойынша материалдарды ақпараттық-технологиялық тұрғыда талдай білу. Е) Білім мен ақпаратты игере білу.

Қабылдау жылы: 2021

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
12.1 Модуль -Әдебиет теориясы, билингвизм, шетел әдебиеті және оқытудың жаңа технологиясы				
БП ТК	AdT 4201	Әдебиет теориясы	8	5
КП ТК	КТОИМТ 4302	Қазақ тілін оқытудың интерактивтік-модульдік технологиясы	8	5
КП ТК	KBbKB 4304	Қазіргі білім беру кеңістігіндегі билингвизм	8	4
12.2 Модуль - Әдебиеттану, мәдениетаралық коммуникация, әлем әдебиеті және 21 ғ. мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі				
БП ТК	AdTTM 4201	Әдебиеттанудың теориялық мәселелері	8	5

КП ТК	КАOzht 4302	XXI ғасырдағы қазақ тілі мұғалімінің кәсіби құзіреттілігі	8	5
КП ТК	TGKm 4304	Мәдениетаралық коммуникация негіздері	8	4
13.1 Модуль - Салғастырмалы ғылым, аударма және жалпы тіл білімі, кәсіби практика				
КП ЖК	Atp 4305	Аударма теориясы мен практикасы	8	5
КП ЖК	AbT 4305	Абайтану	8	4
КП ТК	KOTST 4306	Қазақ-орыс тілдерінің салғастырмалы типологиясы	8	5
КП ЖК	GTB 4307	Жалпы тіл білімі	8	5
БП		Педагогикалық практика	7	15
13.2 Модуль - Салыстырмалы ғылым, аударма және жалпы тіл білімі, кәсіби практика				
КП ЖК	Atp 4305	Аударма теориясы мен практикасы	8	5
КП ЖК	AbT 4305	Абайтану	8	4
КП ТК	KOTST 4306	Қазақ-орыс тілдерінің салыстырмалы типологиясы	8	5
КП ЖК	GTB 4307	Жалпы тіл білімі	8	5
БП		Педагогикалық практика	7	15

12.1 Модуль -Әдебиет теориясы, билингвизм, шетел әдебиеті және оқытудың жаңа технологиясы

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Әдебиет теориясы

Бағдарлама авторы: Мұхан А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерді көркем әдебиеттің жаңалық, тектік сипаттарымен бірлікте поэтика, стиль, предметтік бейнелеу жүйесін танып, білуге бейімдеу; шығарманы комплексті талдауға үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Әдебиет теориясы даму тарихымен, кезеңдерімен таныстыру; қазақ әдебиеті сынын дамытуға үлес қосқан әдебиет, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен таныстыру; көркем әдебиет туындыларын оқуда сыни көзқарас қалыптастыруға үйрету басты мақсат етіледі.

Пререквизиттері: Әдебиеттану ғылымына кіріспе, Қазақ халқының ауыз әдебиеті, XIX ғ. қазақ әдебиетінің тарихы

Постреквизиттері: Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және құзіреттілік талап ететін пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы; В) өнердің қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері туралы ұғым қалыптастыру; С) өнердің халықтығы, мазмұны мен пішіні; Д) композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру; Е) көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету.

Дублин дескрипторлары: А);В);С); Д);Е).

Пәннің атауы: Қазақ тілін оқытудың интерактивті модульдік технологиясы

Бағдарлама авторы: Садуақас Н.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге интерактивті модульдік оқыту технологиясының ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Студенттерге қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары туралы мәлімет беру; олардың инновациялық технологиялар жөніндегі ғылыми-теориялық және практикалық көзқарастарын қалыптастыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Педагогикалық технологияның оқыту әдістемесінен айырмашылығын талдап көрсету; интерактивті модульдік оқыту технологиясының құрылымы мен оны құрастырудың негізгі қағидаларын меңгерту; болашақ қазақ тілі мұғалімдері ретінде өз бетімен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді іріктеу мен оларды талдай білу дағдыларын жетілдіру; жаңашылдық педагогикалық технологияларды талдай білуге, олардың практикадағы тиімділігін анықтай білуге дағдыландыру; оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолдана білуге үйрету; пәндер бойынша оқу модульдерін әзірлеуге дағдыландыру.

Пререквизиттері: Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ бойынша оқыту әдістемесі, Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Жаңа технологиялардың түрлерін меңгерте отырып, студенттерді болашақ қазақ тілі мұғалімі ретінде шығармашылықпен жұмыс жасауға үйретеді. В) Студенттердің әдістемелік іскерлігін шыңдау және ғылыми-әдістемелік шығармашылығына жол ашады. С) Студенттер оқыту технологиясы бойынша материалдарды ақпараттық-технологиялық талдайды. Д) білім мен ақпаратты игере біледі.

Дублин дескрипторлары: А); В); С); Д); Е).

Пәннің атауы Қазіргі білім беру кеңістігіндегі билингвизм

Бағдарлама авторы Күштаева М.Т.

Курсты оқытудың мақсаты Әлемде болып жатқан өзгермелі жағдайлар білім беру жүйесіне де әсерін тигізіп отырғаны белгілі. Елімізде жүргізіліп жатқан білім беру жүйесі әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Білім — қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі — адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны білім беру студенттерге ауызша және жазбаша тілде бір уақытта екі тілді еркін меңгеруге мүмкіндіктер мен құралдармен қамтамасыз етуді көздейді. Бүгінгі таңда мұндай оқыту көптеген оқу орындарының білім беру жүйелеріне енгізілуде, өйткені әртүрлі мемлекеттер, ұлттар мен ұлттар арасындағы байланыстар мен тәуелділіктер кеңеюде. Әлемдік білім кеңістігіндегі жалпы білім берудің басымдылық мақсаты-өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға дайындау болып отыр.

Пререквизиттері Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясы, Қазіргі орыс тілінің фонетикасы мен лексикологиясы

Постреквизиттері ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер А) білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде; В) ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радиобайланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде; С) тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда Д)

;баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жандүниесінің руханибаюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде

Е) қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуінде

12.2 Модуль - Әдебиеттану, мәдениетаралық коммуникация, әлем әдебиеті және 21 ғ. мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Әдебиеттанудың теориялық мәселелері

Бағдарлама авторы: Мұхан А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты:

Әдебиеттанудың теориялық мәселелері пәнінің мақсаты – әдебиеттану ғылымы, оның басты мәні, мақсат-міндеттері, негізгі және жанама салалары турасында мағлұмат беру. Әдебиеттану ғылымының пайда болу, қалыптасу, даму тарихына шолу жасау.

Пәннің қысқаша мазмұны:

«Әдебиеттанудың теориялық мәселелері» пәні – жоғары оқу орындарында филология мамандықтарына оқытылып жүрген негізгі пән. Бұл курста әлем әдебиеті тарихының кезеңдері, қалыптасуы, әлем әдебиетіндегі ақын-жазушылардың шығармалары жөнінде мәселелер кеңінен қарастырылады. Бұл пән бойынша мынандай маңызды теориялық және практикалық мәселелер қарастырылады: әдебиет туралы ғылым және оның салалары; әдебиеттану ғылымының қосалқы салалары; әдебиеттің халықтығы, ұлттығы мен жалыпадамзаттық сипаттары; көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы, сюжеті мен композициясы; көркем бейне оның жасалу жолдары; көркем туынды тілі, өлең құрылысы, әдеби процесс, әдебиеттің тектері мен түрлері, көркемдік әдіс, ағым, бағыттар.

Пререквизиттері: Әдебиеттану ғылымына кіріспе, Қазақ халқының ауыз әдебиеті, XIX ғ. қазақ әдебиетінің тарихы

Постреквизиттері: Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және құзіреттілік талап ететін пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Әдебиеттану ғылымының негізгі категориялары мен теориялық ұғымдарын (жанр, стиль, бейне, поэтика, композиция, көркемдік әдіс және т.б.) меңгереді және оларды көркем шығарма талдауында қолдана алады.

В) Әдеби туындыларды идеялық-көркемдік тұрғыдан саралап, әдебиеттанудың классикалық және заманауи әдіснамаларын игеріп, теориялық талдауға икемделеді.

С) Әдеби-теориялық түсініктерді тарихи-әдеби даму үдерісімен байланыстыра отырып, ұлттық және әлемдік әдебиет контекстінде салыстырмалы талдау жүргізе алады.

Д) Эссе, ғылыми мақала, құрылымдық әдеби талдау әзірлеу барысында теориялық ұғымдарды орынды қолданып, логикалық ойлау мен дәлелдеу дағдыларын дамытады.

Е) Цифрлық құралдарды пайдалана отырып, әдебиет теориясы негізінде интерактивті тапсырмалар мен шығармашылық жобалар дайындайды, ғылыми ойды визуализациялауға машықтанады.

Дублин дескрипторлары: А);В);С); D);Е).

Пәннің атауы: ХХІ ғасырдағы қазақ тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі

Бағдарлама авторы: Айтбенбетова А.Қ.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Қазақ тілі мұғалімінің кәсіби шеберлігі мен оқуда жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалануарқылы оқыту тиімділігін арттыруда мұғалімнің құзыреттілігін арттыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақ тілі пәнінің мұғалімі оқытудың жаңа 7 модулі мен оны тілді оқытудың тиімділігін арттыруда тәжірибе жүзінде қолдану шеберлігін шыңдауда қолдана алуға үйрету, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін пайдалану.

Пререквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Педагогика

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Оқушылардың сабақ тақырыбын қабылдау ерекшеліктерін түсіну, В) оқушылардың білім-түсініктерін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, С) кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі Д) сындарлы оқытудың жоғарыдағыдай сипатталып Е) түсіндірілуі мұғалімнің ой-пайымы мен негізгі көзқарастарын, сондай-ақ сол көзқарас, пікірге қатысты бірқатар баламалы шешімдерді білуін қамтиды.

Дублин дескрипторлары: А);В);С); D);Е).

Пәннің атауы: Мәдениетаралық коммуникация негіздері

Бағдарлама авторы: Құлтанбаева Н.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Мәдениетаралық коммуникацияның теориялық және практикалық негіздерін меңгеру, әртүрлі мәдениеттер арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін түсіну. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, түрлі мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән мәдениетаралық коммуникацияның негіздерін қарастырады. Ол түрлі мәдениеттер арасындағы түсінісу, мәдениетаралық кедергілерді жою, мәдениетаралық бейімделу процестері, коммуникацияның әртүрлі аспектілерін зерттейді. Пәннің негізгі тақырыптары мәдениетаралық коммуникацияның тұжырымдамасы, мәдениетаралық қақтығыстарды шешу әдістері, мәдениетаралық бейімделу және әртүрлі мәдениеттер арасында тілдік және мәдени айырмашылықтарды жеңу стратегияларын қамтиды. Пән сонымен қатар мәдениеттің тілге және тілдің мәдениетке әсерін зерттейді.

Пререквизиттері Филологияға кіріспе

Постреквизиттері ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Мәдениетаралық коммуникацияның негізгі принциптерін түсіну және оларды нақты өмірде қолдану дағдыларын меңгеру. В) Әр түрлі мәдениеттер арасындағы өзара қарым-қатынасты орнату жолдарын анықтау және тәжірибеде қолдану. С) Мәдениетаралық қақтығыстарды талдай отырып, оларды тиімді шешу әдістерін игеру. D) Тіл мен мәдениет арасындағы байланысты терең түсіну және тіл арқылы мәдениетаралық коммуникацияның ерекшеліктерін сипаттау. Е) Әртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас кезінде кездесетін қиындықтарды жеңу үшін мәдениетаралық бейімделу стратегияларын қолдану.

13.1 Модуль - Салғастырмалы ғылым, аударма және жалпы тіл білімі, кәсіби практика

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Аударманың теориясы мен практикасы

Бағдарлама авторы: Карагулова Ш.Г.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге аударма ғылымына тән жалпы мәселелерді, оның ішінде аудару барысында басшылыққа алынатын теориялық қағидаларды меңгерте отырып, оны практикамен ұштастыруға дағдыландыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Аударманың теориясы мен практикасы» пәні филология факультеті қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті ББ-да оқытылатын пән болып табылады. Аталған пән қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті ББ студенттеріне оқытылатын болғандықтан олар екі тілде (қазақ, орыс) мәліметтерді жетік меңгеру керек. Сондықтан аталған пәннің студенттер үшін берері мол. Аударма саласы соңғы жылдары өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе, аударма ісінің қазақ тілінің терминдерін қалыптастыруда маңызы зор. Сонымен бірге өзге тілдің шығармаларын аудару барысында түпнұсқа тіл мен аударма тілдердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтауда аталған пәннің алатын орны ерекше.

Пререквизиттері: Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ бойынша оқыту әдістемесі, Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Кәсіптік көшбасшының негіздерін игереді; әлеуметтік-коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырады; кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады; тәуелсіз Қазақстанның ұлттық құндылықтарымен білім беру мазмұнын интеграциялау қағида-татарын біледі. Оқыту мен тәрбиеде көптілділік тәсілдемені жүзеге асырады; білім алушылар өзін-өзі оң бағалайды, бірнеше тіл үйренуге ұмытады, азаматтық бірегейлік және лингвистикалық толеранттілікті қалыптастырады, білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Абайтану

Бағдарлама авторы: Ұлықпанова А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: «Абайтану» пәнінің мақсаты – студенттерге Абай мұрасының әдебиет пен мәдениеттегі орны мен ұлттық санаға ықпалын түсіндіріп, дүниетанымдық идеяларын талдауға баулу. Пән студенттердің зерттеушілік қабілетін қалыптастыруға және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Абайтану» пәні – ұлы ақын Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылық мұрасын терең зерттеуге арналған арнайы курс. Пән аясында ақынның поэзиясы, қара сөздері, философиялық және ағартушылық идеялары жан-жақты талданады. Абай шығармашылығының ұлттық руханияттағы, әдебиеттегі және қоғамдық ой-санада алатын орны ғылыми-теориялық және мәдени контексте қарастырылады. Сонымен қатар, Абай әлемін қазіргі әдеби үдеріс пен жаңартылған білім беру мазмұны тұрғысынан бағалау көзделеді.

Пререквизиттері: Халық ауыз әдебиеті, Ұлттық руханият, XX-XXI ғ. басындағы қазақ әдебиеті, Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінің тарих, Қазіргі қазақ әдебиеті.

Постреквизиттері: Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және кәсіптік талғау ететін пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын, оның философиялық, эстетикалық және этикалық идеяларын біледі. Ақын мұрасының қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орнын, ұлттық бірегейлік пен қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлін түсінеді.

В. Абай шығармашылығы бойынша алған білімдерін тарихи-мәдени және әдеби контексте қолдана отырып, әдебиеттану саласындағы өзекті мәселелерді талдай алады.

С. Абай шығармаларының жанрлық және тақырыптық ерекшеліктерін, идеялық және философиялық мазмұнын сараптайды. Шығармаларды зерттеуде заманауи ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолданады.

Д. Эссе, аналитикалық баяндамалар, ғылыми мақалалар жазу арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Логикалық құрылым жасап, дәлелдер келтіре отырып, жаңаша идеяларды синтездеу дағдыларын меңгереді.

Е. Жасанды интеллект және цифрлық платформаларды (<https://chatgpt.com/>, <https://www.d-id.com/>, <https://lucidchart.com/>, <https://quizlet.com/>, <https://canva.com/> т.б.) пайдалана отырып, Абай мұрасын зерттеуге арналған интерактивті және креативті өнімдер әзірлейді. Бұл өнімдерді білім беру және шығармашылық үдерістерде қолдану мүмкіндіктерін талдайды.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы Қазақ-орыс тілдерінің салғастырмалы типологиясы

Бағдарлама авторы Құлтанбаева Н.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты (оқу бағдарламасына сәйкес) Қазақ-орыс тілдерінің өзара грамматикалық ерекшеліктері мен ұқсастықтары, олардың даму тарихы, ортақ мәселелері туралы мәлімет алу. Дыбыс жүйесі, негізгі сөздік қор мен сөздік құрам, сөздік құрамы мен тіркесі, сөйлем туралы білім алған тыңдаушылар енді сол тілдік бірліктердің жазу, сөйлеу барысында қолданысқа түсуі процесінде болып жататын құбылыстармен танысу

Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары) Қазақ-орыс тілдерінің өзара грамматикалық ерекшеліктері мен ұқсастықтарын, олардың даму тарихын, ортақ мәселелерін біліп шығады.

Пререквизиттері Қазақ, орыс тілдері мен әдебиетін оқытудағы ІТ және цифрлық ресурстар

Постреквизиттері ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер А. Қазақ-орыс тілдерінің өзара грамматикалық ерекшеліктері мен ұқсастықтарын меңгереді; В. Олардың даму тарихын, ортақ мәселелерін біліп шығады; С. Қазақ-орыс тілдерінің фонетика-фонологиялық, морфологиялық және синтаксистік жүйесіне салыстырмалы тұрғыда талдау жасай алады.

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы Жалпы тіл білімі

Бағдарлама авторы Шоқым Г.Т.

Курсты оқытудың мақсаты (оқу бағдарламасына сәйкес) Жалпы тіл білімі филология факультетінде жүргізілетін тілдік пәндердің бәрінен кейін өтіледі. Курстың мақсаты – біріншіден, студенттердің өз мамандықтары бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау сипатында болса, екіншіден, олардың тіл білімінен алған теориялық білімдерін тереңдете түсуді көздейді.

Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары) Жалпы тіл білімі – тіл білімінің жалпы теориясы. Бұл пәннің алдына қойған міндеті – тыңдаушыларды тіл біліміндегі негізгі теориялармен қаруландыру, оларға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен, алда тұрған міндеттерінен мәлімет беру, тіл білімінің даму тарихында қолданылған, қазір қолданылып жүрген және соңғы жылдары қалыптаса бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашу, тіл білімінің басқа қоғамдық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын анықтау

Пререквизиттері Филологияға кіріспе

Постреквизиттері ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер А.Жалпы тіл білімін оқытуда коммуникативтік, тілдік, ақпараттық, этномәдениеттанымдық құзыреттілігін қалыптастырады. В.Жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды, тіл білімінің теориялық мәселелері, С.лингвистикалық ілімдер мектебі мен тарихын, тілдің қоғамдық, таңбалық сипатын, олардың өзіндік айырмашылықтарын ажырата біледі. Д. Жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін, әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, Е.этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани біледі.

13.2 Модуль - Салыстырмалы ғылым, аударма және жалпы тіл білімі, кәсіби практика

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы Қазақ-орыс тілдерінің салыстырмалы типологиясы

Бағдарлама авторы Құлтанбаева Н.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты Ал мұның өзі болашақ тіл маманының білімімен бірге білігі мен парасатын, сезімі мен түйсігін де айқындауға көмектеседі.

Пәннің қысқаша мазмұны Тарихи грамматиканың материалдарын меңгеру нәтижесінде ертеңгі жоғары білімді маманның санасында тарихи таным қалыптасады. Бүкіл мәдениет теңізінің негізгі қайнар бастауы саналатын тілдің тарихи даму жүйесі мен желісін меңгереді.

Пререквизиттері Қазақ, орыс тілдері мен әдебиетін оқытудағы ІТ және цифрлық ресурстар

Постреквизиттері ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер А. Салыстырмалы грамматика пәні бойынша материалдарды ақпараттық-технологиялық тұрғыда талдай біледі; В. Білім мен ақпаратты игере біледі. С. Практикалық тұрғыда талдау жасайды. Д. Теориялық білімді игеріп, практикалық дағды қалыптастырады.

Кафедра меңгерушісі

Абдирова Ш.Г.